

Азамат АҚАН

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ «КӨРҮҒҰЛЫ СҰЛТАН ӨЛЕҢІ» ДАСТАНЫНЫң НҰСҚАЛАРЫ ТУРАЛЫ

*В статье говорится о вариантах дастана
«Песня Короглы султан» общего для тюркских
народов, сопоставляются варианты дастана и
показываются их различия.*

*Yazar “Goroğlu” destanını nüshalarını
karşılaştıracak anıtları arasındaki özellikleri göstermiş.*

Тұркі тілдес халықтардың бәрінде дерлік кездесетін жырлардың санатына жататын Көрүғұлаға арналған дастандардың бір шоғыры қазақ халқының фольклорында да кеңінен орын алған. Бізге дейінгі зерттеушілер айтып кеткендегі эпостың Орта Азиялық саласына жататын қазақ версиясы ұлттық дүниетанымызды бойына сініре отырып, жаңаша қырынан, дәстүрлі эпикалық сарында жырланады. Эпостың Кавказдық саласында өмірде болған тарихи оқиғалар қамтылса, Орта Азиялық сала өмір шындығынан алыстаң, әр халықтың өзіндік эпикалық дәстүріне орай құбылып отырады. В.М.Жирмунский «Сравнительное изучение различных версий сказания о Кероглы (Гороглы) показывает, что на фоне общей традиции сюжета каждая из них имеет свое национальное лицо, отражает исторически сложившийся социальный уклад, психологию и общественные идеалы создавшего его народа. Азербайджанский Кероглы – удалой джигит, ашуг, «благородный разбойник», отважный боец против феодального гнета; туркменский – вождь воинственного кочевого племени; узбекский – идеальный эпический государь, могучий, справедливый и мудрый правитель, защитник трудового народа» [1. 217-218], - дейді.

Бізде жырланатын Көрүғұлы туралы дастандар қаһарманның әкесіне, өзіне және асырап алған баласы мен немересіне арналады. Қаһарманның әкесінен бастап, өзінің ғұмырнамалық шежіресін толық қамтитын жазба белгілі жырау Р.Мәзқожаевтан жазылып алынған. Бұл мақалада зерттеу нысаны болып отырган нұсқалардың да жалпы сюжеті Р.Мәзқожаев жырлаган «Көрүғұлының көрде туғаны», «Гиарат жайы, Көрүғұлының Райхан арабпен соғысы» атты екінші, үшінші салаларымен ұқсас. Дегенмен мұнда кейіпкердің әкесінің көзін ойдыру мотиві жоқ, сәйкесінше оның қызылбастармен әкесінің көгі үшін соғысы айттылмаған.

Жырдың қысқаша мазмұны: түрікпеннен шыққан Толыбай тұлпар мініп, ту ұстаған батыр болады. Одан Шағалы, Шағалыдан Мұңдыбек тарағ, патшалық құрып, Пайғамбардың діні үшін қызылбастармен соғыста қаза болады. Артында қалған жүкті әйелі Алтыншаш көп ұзамай науқастанып дүние салады. Көрүғұлы көрде туылып, анасының төсінен сүт шығып, Ғаусыл ағзам, қырық шілтениң көмегімен өсе береді. Бала жеті жасқа келгенде

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

далаға шығып, топырақтан қорған жасап, оны Шәмбілбел шаһары деп атап, жалғыз өзі ойнап жүреді. Құдайдан өзіне 120 жас, 41 батыр жігіт, атса мылтық, шапса қылыш өтпейтін, жуз мың жауды айдаһардай жалмайтын ерлік, түрікпен жүртyna хандық, пері қызынан әйел тілеп, тұқымым болмаса да разымын дейді.

Бозұғланның Ақбілек деген асқан сұлу жарына қызығушылар көбейіп, жаудан қауіптенген Бозұғлан әйелін алып Қүйген таудың басына қашып кету себебінен уақытында Көрүғлыға келе алмаған екен. Бозұғлан құлан аулап жүріп көп моланың бірінен баланың ізін көреді. Пірлердің көмегімен баланы қолға түсіреді.

Бозұғлан бір күні кербиеге қос артқан 41 жаяуды көріп Көрүғлыдан соларға қарсы соғысады өтінеді. Тырнақ алды сапарың деп бес қаруын береді. Көрүғлыны көріп Сапабек бастаған қырық бір жігіт тауға қашады. Көрүғлы Кербиені олжа қылады. Жігіттер балаға бағынады.

Бозұғлан үйде жоқта Қалдарханның баласы Райхан патша келеді. Көрүғлы оның Гиратына қызығып, беруін өтінеді. Болмағасын биесіне шаптышуын сұрайды. Райхан жеңгесінің бетінен сүйгізсе тілегін орындайтынын айтады.

Кербиеден туган Гират бес жасқа толғанда Көрүғлы пірлерінен бата алып, жеңгесіне аттанады. Ақбілек Көрүғлыны танып: – «Өз байталин өзі алып қашты» деп қызылбастар күлер, – деп, Райханның сұлу қарындасты Құләйімді айламен алып шығып, Көрүғлыға беріп жібереді. Көрүғлы Құләйімді Бозұғланға қосады.

Жеңгесін әкелу үшін 41 жігітімен Райханға екінші рет аттанып, Райханды тірілей ұстап алып азаптап өлтіреді. Оның қазынасын есептеп Бозұғланға береді. Ақбілек Бозұғланға қосылады.

ОСЫ ЖЫРДЫҢ БІРНЕШЕ НҰСҚАСЫ БАР:

- 1) «Көрүғлы». Балымбаев Жамал жинаған. OFK ҚҚ: 1037-бума; 2) «Көрүғлы». Нәби Балабеков жинаған. 1940. OFK ҚҚ: 672-бума; 3) «Көрүғлы». Молда Мұқан Машанов жинаған. OFK ҚҚ: 672-бума; 4) «Көрүғлының қиссасы». Абдырахманов жинаған. OFK ҚҚ: 672-бума; 5) «Көрүғлы». Құлмұхамбет Байғараұлы жазбаларынан. OFK ҚҚ: 127-бума; 6) «Көрүғлы сұлтан». Қошанов жинаған. OFK ҚҚ: 672-бума; 7) «Көрүғлының қиссасы». Ысқақ Сәлімбаев жинаған. OFK ҚҚ: 1037-бума; 8) «Қисса Көрүғлы». Ергали Есенжолов жинаған. OFK ҚҚ: 924-бума; 9) «Көрүғлы сұлтан өлеңі». Мәшінүр Жүсіп Көпесев жинаған. OFK ҚҚ: 1173-бума.*

Бұлардың сюжеті бір, жырлау үлгісі ұқсас әрі бірін-бірі қайталайтын шумақтар да жиі кездеседі. Осыған қарап аталған нұсқалар әу баста бір

* Осы қолжазбалардың машинкаға басылған кешірмелері ӘӨИ-дің ҚҚ-да, 634,637,660-бумаларда сактаулы.

А.Ақан. Тұркі халықтарына ортақ «Көрүглұ сұлтан өлеңі»...

нұсқадан тараған деген қорытынды жасауга болады. Дегенмен кей нұсқаларда эпизодтар кеңінен баяндалса, кейбірінде қысқаша айтылады, кейбірі қара сөзben басталса (Абырахманов нұсқасы), кейбіреуінің кіріспесіне жаңадан шумақтар қосылған (Ы.Сәлімбаев нұсқасы), өкінішке орай алғашқы беттері жоғалған нұсқалар да бар (Н.Балабеков, Қ.Байғараұлы нұсқалары). Аталған нұсқалардан басқалары жыршының Алладан көмек сұрап «Әйлә мәдеть, Жаппар Хақ» деген сөзімен басталады. Бір айта кетерлігі Қ.Байғараұлы нұсқасы аяқталмады. Ал Абырахманов нұсқасының соңына басқа нұсқалардың ешбірінде кездеспейтін сюжет қосылғанымен аяқсыз қалған. Батырдың қайтыш оралуымен аяқталған сюжетке хикаялық негіздегі, яғни алдыңғы жаңрга сәйкеспейтін мүлдем басқа жаңрдағы жаңаша ертегілік сюжет алдыңғы сюжетпен кірігіп, іштей тұтастанып үйлесім тауып тұр.

Аталған нұсқалардың арасында көркемдігі жағынан Е.Есенжолов пен М.Ж.Көпееев нұсқалары өзгелерден озық тұр. Осыған қарап бұл екі нұсқаны негізгі деп атайды аламыз ба? Эрине, жоқ. Белгілі фольклортанушы Б.Әзібаева айтқандай: «Фольклортануда «канондық», «негізгі» мәтін деген ұғым жоқ, өйткені ғылым үшін шығарманың барлық вариантының зерттегендегі шығарманың кең тараған мәтіні, ең бірінші бол қағазға түскен, ең бірінші жарияланған, ең толық, ең көлемді, көркемдік құндылығы ете жоғары, кейін табылса да көне, яғни ертеректе жырланған [айтылған] түрінде сақталған мәтіні т.б. анықталуы мүмкін [2. 22].

Е.Есенжолов 1910 жылы қағазға түсірген «Қисса Көрүглұ» нұсқасын кімнен алғанын көрсетпеген. Ол қолжазбаны 1947 жылы жинаушының баласы Кәрім Есенжолов қолжазба қорына тапсырған.

Ал М.Көпеевтің (1858-1931) қолжазбасы бізде жоқ. Бізге жиені, қарындасының баласы Жолмұрат Жұсіпулының Мәшекеннің қолжазбасынан көшірген нұсқағана жетіп отыр. Көшіруші былай дейді: «Бұл «Көрүглұның сөзін» (Көрүглұ сұлтан өлеңі) Мәшінүр Жұсіптің өз қолымен жазған нұсқасынан көшірдім. Һәм өзінің алдында тірі күнінде талай оқып, айтып, сөйлегенін естідім. Өзінің айтуы Мәшінүр Жұсіптің 35 жасында сөйлеген сөзі деп өзі айтқанын есіттім... Бұл қағаз жузіне көшірілуі – 1945 жыл, 25-сентябрьде, Алматы қаласында көшірілді». Егер көшірушінің сөзіне сенсек ақын жырды шамамен 1893 жылы қағазға түсірген. Ал М.Көпеевтің өзі дастанның соңында: ... Бұл қазаққа бастап мұны сөйлеген, Өзі қожа, Қошекұлы Құдері (1833-1834 жодар)... Құлақ кәрі, бой жас*. Жаңа туган жас ұл деме ғаріпті. Сол кісінің шыққан сөзі аузынан, Құлағында бұл Мәшінүрдің қалыпты (1839-1842) дейді.

Бізде бар мәліметтер бойынша Қошекұлы Құдеріқожа 1820 жылы туылып 1858 жылы қайтыс болған. Демек ол кезде М.Көпееев өзі айтқандай

* Түпнұсқада бір сөз танылмады.

«жана туған жас ұл». Соңдықтан ақын бұл жырды К.Көшекұлынан жеткен қолжазбадан көшірген немесе содан үйренген өзге адамның айтуынан жырлаған болуы мүмкін. Дегенмен М.Көпесев келтірген мәліметтен жырдың жоғарыда аталған тоғыз бірдей нұсқасының бір-біріне соншалықты ұқсас болуы себебін, яғни олардың бәрі де Көшекұлы Құдеріқожа жырлаған нұсқадан алынуы мүмкін екенін аңғарамыз.

Зерттеу барысында бір-біріне соншалықты ұқсас бұл нұсқалардың өзі өзара ортақ тұстары мен айырмашылықтары бар екі топқа белгінетін анықталды. Бірінші топқа Ергали Есенжолов, Мәшінүр Жусіп Көпесев, Молда Мұқан Мащенов, Нәби Балабеков, Кошанов, Ісқақ Сәлімбаев нұсқалары жатса (соңғы үш нұсқа осы топқа жататын нұсқаларда жоқ, екінші нұсқалардаған кездесетін көріністерді де қамтиды), екінші топқа Балғымбаев Жамал, Абдырахманов, Құлмұхамбет Байғараұлы нұсқаары жатады. Алдыңғы алты нұсқа жыр үлгісінде жырланса, соңғы нұсқалар қара өлең үлгісінде берілген.

Енді олардың арасындағы айырмашылықтарға қысқаша тоқтала кетейік.

1. Көрүғліның анасы Алтыншаш қайтыс боларында пірлері келіп болашақ сәбійінің көр ішінде туылып, өскенде батыр әрі хан болатынын айтып аян бергені М.Көпесев, Е.Есенжолов, Кошанов нұсқаларындаған кездеседі. Ал өзгелерінде баласының өскенде кім болатынын Алтыншаш өзі болжайды.

2. Көрүғлі жеті жасқа толғанда пірлердің оны сұндеттеуі Молда Мұқан, Кошанов нұсқаларында және екінші топқа жататын нұсқаларда көрініс тапқан. Біздің ойымызша бұл оқиға бірінші топқа жататын барлық нұсқаларда болуга тиіс. Өйткені Молда Мұқан мен Кошановта ...Жеті жасқа келгенде, Faусыл Ағзам, ұстазы Әйләді түркі сұннетті. Үйретіп дәл бір өнерді... делінсе, М.Көпесев пен Е.Есенжоловта ...Жеті жасқа келгенше Үйретіп әрбір өнерді... делініп, баланы пірлердің сұндеттегенін баяндайтын екі жол түсіп қалған.

3. Көрүғлі көрден шыққан соң жалғыз өзі зерігіп, кіші дәретін топыраққа бұлғап Шәмбіл қаласын салып ойнайтын эпизод екінші топтағы нұсқаларда және Ы.Сәлімбаев нұсқасында кездеседі.

4. Көрүғлі мінәжат етіп Алладан өзінің тілегін тілегенде пірлер көрінбей келіп «Әумін» деп тұратын эпизод Ж.Балғымбаев, Абдырахманов нұсқаларында және бірінші топтағы Ы.Сәлімбаев нұсқасында бар.

5. Көрүғліның қолға түсірмек болып Бозұғлан атпен құғанда баланың көрге кіруіне кедергі болған арыстанның аты М.Ж.Көпесев пен Молда Мұқан нұсқаларында Гайып пір, осы топтың басқа нұсқаларында Шайхы уәли, ал екінші топтағы нұсқаларда бауыры кек (Абдырахмановта – бауыры шұбар) арыстан Қыдыр Лияс.

6. Баланың өз әкесінің кім екенін сұраганда бірінші топтағы нұсқаларда (Ы.Сәлімбаевтан басқалары) Бозұғлан Мұндыбектіған айтумен шектелсе,

А.Ақан. Тұркі халықтарына ортақ «Көрүглі сұлтан өлеңі»...

екінші топтағы нұсқаларда және Ы.Сәлімбаевта бабасы Толыбайдан бастап таныстырып шығады.

7. Көрүглі Сапабек бастаған қырық бір жігітке қарсы аттанарда Бозүглан ұсынған қару-жарақтың кімнен қалғанын сұрайды. Бірінші топтағы нұсқаларда Бозүглан өзі жауап береді (Н.Балабеков нұсқасында осы сәт баяндалған бет жоғалған, М.Көпееев пен Қошанов нұсқаларында Көрүглі сұрамай-ақ Бозүглан өзі айтады). Ал екінші топтағы нұсқаларда Бозүглан ол қару-жарақтың ата-бабаларынан мирас болып келе жатқанымен, олардың мән-жайын білмейтін болып шығады. Сонда Көрүгліның өзі олардың кімнен қалғанын баяндап береді.

8. Екінші топтағы нұсқаларда және Ы.Сәлімбаев пен Қошанов нұсқаларында қырық бір жігіт батырдан қорқып қашқанда қоста қалған Кербиенің бабасы Толыбайдан қалған мал екенін Көрүглі танып, одан тұлпар туылатынын болжаса, басқа нұсқаларда «тырнақ алды олжам» деп маңдайына белгі салумен шектеледі.

9. Жыршының тыңдармандарды сендіру үшін пайдаланатын, жыр оқиғасына қатысы жоқ дайын үлгілерінің бірі «Бұл сөзімнің ішінде ажар мен жоқ өндері» деген екі жол біршама өзгертулермен М.Ж.Көпееев, Е.Есенжолов, Молда Мұқан нұсқаларындаған қолданылған.

10. Райханға аттану үшін рұқсат сұрамақ болып көп қынышылықпен пірлерін іздеپ тапқанда Көрүгліның оларға қоқан-лоққы көрсетуі (бастарыңды кесіп алайын ба?!) екінші топтағы нұсқаларда және Қошановта кездеседі.

11. Райханға аттанарда «Қай уақытта келемін, аузы түкті орыстан» деген екі жол түрлі өзгерістермен бірінші топтағы нұсқалардың бәрінде (Н.Балабеков нұсқасынан басқа) кездеседі. Бұл жырдағы орыс этнонимі жөнінде Б.Әзібаева былай дейді: «...мәтінде «орыс» этнонимі аталады. Бұл тарихи шындыққа сәйкес емес, себебі кавказдық нұсқаларда Көрүгліның қарсыласы ретінде – қызылбастар, кейде арабтар болғаны белгілі. Демек, қазақ нұсқаларындағы «орыс» атауы – анахронизм; оны ақын, жыршилар кейде ұйқас үшін де пайдалануы мүмкін» [3, 481].

12. Нұсқалардың басым бөлігінде қолы байланып зынданда жатқан жеңгесін Көрүглі қалай шығарарын білмей тұрганда Ақбілек пірлерді шакырып, солардың көмегіне сүйенуге кеңес береді. Ал М.Ж.Көпееев нұсқасында Ақбілектің кеңесімен Көрүглі Гиратпен сүйреп шығарса, М.Сәлімбаевта пірлерді шакыруды Гират ұсынады.

13. Райханның бес мың қолмен қашқан шаһары М.Ж.Көпееев пен Молда Мұқанда – Арзум, Е.Есенжоловта – Архарум, Ж.Балымбаев пен Н.Балабековте – Арзуым, Абдырахмановта – Архалум, Қошановта – Арзулы, Ы.Сәлімбаевта – Азулы.

Нұсқаларды өзара салыстыру барысы көрсеткендей олардың арасындағы өзгерістер тек эпизодтық деңгейдеға. Аяқталмай қалған

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

Абдырахманов нұсқасынан басқаларында ешқандай тыңнан қосылған сюжет, оқиға, көркемдік әдістер байқалмайды.

М.Ж.Көпееев өзі жинаған нұсқаның сонына алты шумак, яғни жиырма төрт жолдан тұратын, қосымша мәлімет қосқан. Онда жырды Көшекұлы Құдеріден естігенін айта келіп «Әңгіме қып Қаратаядан айтқаннан, Таусылмапты Қызылжарға жеткенше» (1837-1838 жолдар) дейді. Бұған қараганда Құдеріқожа жырлаған дастан бұдан әлдеқайда көлемді болған немесе ол «Көрүғұлы» циклына кіретін бірнеше дастанды жырласа керек. Бұлайша ой тулоіміздің тағы бір себебі М.Көпееев:

Көрмеген жан қайдан білсін жайымды,
Құнан, дөнен, құлын, бесті, тайымды.
Тірі жүрсем, иншалла, сөйлермін,

Күндіз бенен бар қып жұлдыз, айымды (1827-1830) – дейді. Көрүғұлының асырап алған баласы Faуазханға арналған бірнеше дастандардың сюжетіне Faуазханның Құндызы, Жұлдызы есімді қыздарға үйленуі, сол жолда көрген қындықтары арқау болады. Ендеше мысалға алынған шумақтың соғығ жолы Жолмұрат Жүсіпұлы көшіргендегі «Күндіз бенен бар қып жұлдыз, айымды» емес, «Құндыз бенен бар қып Жұлдызыайымды» болуы керек деп ойлаймыз.

Ал Молда Мұқан Mashanov өзі жырлаған нұсқаның сонына Ақбілектің кіслік парасатына мадақ айта келіп:

Көрүғұлының мәшінүр болып ерлігі,
Талай жерге таныс болған бектігі.
Мұнан кейін білсөңіздер қиссасы,
Хасанхан мен Әуезхан ендігі, –

дейді. 1885 жылы X. Мирбабин Қазан қаласында бастырған «Үшбу Faуазханның қиссасы-дүр» атты нұскада [4] Көрүғұлының Faуазханды алған сапары баяндалады. Ендеше Молда Мұқан сол жырды меңзеп отырған болса керек. Бірақ оның аталған нұсқаны жырлағаны туралы дерек жоқ. Өзге нұсқаларда мұндай қосымша мәлімет, деректер берілмеген.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. М-Л., 1962.
2. Әзібаева Б. Фольклор мәтінтануы: қағидалары мен міндеттері // Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүтіні. – Алматы, 2009.
3. Әзібаева Б. Көрүғұлы сұлтан өлеңі (ғылыми түсініктеме) / Бабалар сөзі. 48-том. – Астана, 2008.
4. OFK. III.3048.

REZUME

A.Akan (Almaty)

THE OPTIONS COMMON TO TURKIC PEOPLES DASTAN KORUGLY SULTAN
OLENI " (or" Song Sultan Korugly)

The article discusses the features and compared with each other alternatives and variants of a common Turkic peoples Dastan Korugly Sultan oleni "(or "Song of the Sultan Korugly").